

"Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 48-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік-құқықтық актілердің жобасын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

1 2

н а у р ы з д а ғ ы

№

4 8 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Қазақстан Республикасын газдандырудың бас схемасын дайындау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), ҚТҮКІША, ЭДСМ	2012 жылғы наурыз
2.	Газбен жабдықтау жүйелері объектілерінің қауіпсіздіктері жөніндегі талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ (жинақтау), ҚТҮКІША, МГМ	2012 жылғы наурыз
3.	Газ желісі ұйымдарын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ	2012 жылғы наурыз
4.	Газ және газбен жабдықтау саласындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестік шеңберінде ілеспе газды			2012 жылғы наурыз

	инвесторға берудің тәртібі мен талаптарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), ЭДСМ, ИЖТМ	
5.	Тауарлық газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесі объектілерінің жұмыс режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), ҚТҮКШПА	2012 жылғы наурыз
6.	Тауарлық, сұйытылған мұнай газын және сұйытылған табиғи газды өндіру, тасымалдау (тасу), сақтау және өткізу мониторингі бойынша мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ	2012 жылғы наурыз
7.	Тауарлық және сұйытылған мұнай газын бөлшек саудада өткізудің, сондай-ақ коммуналдық-тұрмыстық және тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтыну жүйелеріне және газ жабдығына техникалық қызмет көрсетуге арналған үлгілік шарттарын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), ҚТҮКШПА ТЖМ	2012 жылғы наурыз
8.	Тауарлық және сұйытылған мұнай газды бөлшек саудада өткізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), ҚТҮКШПА, ТЖМ	2012 жылғы наурыз
9.	Тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын есептеу және бекіту қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚТҮКШПА (жинақтау), МГМ, ТМРА	2012 жылғы наурыз
10.	Мемлекеттің артықшылықты құқығы шеңберінде ұлттық оператор сатып алатын шикі және тауарлық газ бағасын айқындау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), ЭДСМ	2012 жылғы наурыз
11.	Ішкі нарықта тауарлық және сұйытылған мұнай газын көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын айқындау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ (жинақтау), ЭДСМ	2012 жылғы ақпан
12.	Қазақстан Республикасының ішкі нарығына сұйытылған мұнай газын берудің жоспарын жасау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МГМ	2012 жылғы наурыз
13.	Газ және газбен жабдықтау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	МГМ, ЭДСМ	2012 жылғы наурыз
14.	Газ және газбен жабдықтау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	МГМ, ЭДСМ	2012 жылғы наурыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИЖТМ – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі

МГМ – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігі;
ТЖМ – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі;
ЭДСМ – Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі;
ҚТҮШИА – Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық
ш а р у а ш ы л ы қ і с т е р і а г е н т т і г і ;
ТМРА – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК